



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӘОЖ 374.1

## АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ

*Исина Асем Балгабаевна  
Саулебаева Асия Едиресовна  
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері  
Назарбаев Зияткерлік мектебі  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E-mail: Issina\_a@kst.nis.edu.kz*

### **Аңдатпа**

*Қашықтан оқыту формасы көпшіліктің өз бетінше үздіксіз жалпы білім алу жүйесін, өзара ақпарат алмасуын қалыптастырады және жүзеге асырады. Білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы оқушылар мен студенттердің білім деңгейін көтереді.*

***Түйінді сөздер:** жаһандану, қашықтықтан оқыту, ақпараттық технология, ресурс.*

### **Аннотация**

*Форма дистанционного обучения формирует и осуществляет самостоятельное самообразование широкой общественности, взаимный обмен информацией. Повышает уровень образования школьников и студентов путем создания единой информационной системы.*

***Ключевые слова:** глобализация, дистанционное обучение, информационные технологии, ресурс*

### **Abstract**

*The format of distance learning carries out independent self-education of the community and mutual exchange of information. It increases the level of education of schoolchildren and students by creating a unified information system.*

***Key words:** globalization, distance learning, information technology, resource*

*«Әрине, білім панацея емес, өзінің мақсатына жетуге тырысатын әлемдегі барлық мәселелерді шешетін кілт те емес, ол тек қана адамның үйлесімді және шынайы дамуына қызмет ете-тін бір құралы, оның мақсаты – жоқтықты, күшпен алуды, түсінбеушілікті, қанауды және соғысты жою» ЮНЕСКО халықаралық комиссиясының төрағасы Жак Делор*

Қазіргі кезде шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Ел егемендігін алып, демократия кең өрістей бастаған қоғамда, әлемдік қауымдастыққа ұмтылып, бәсекелестік өмір сүрудің басты шартына айналған бүгінгі өзгермелі дүние жағдайында адамның мәні мен әлеуметтік рөлі жаңа сипатқа ие болып отыр. Соған сай рухани құндылықтар әлемі де түбегейлі жаңарып, адамның ақыл-ой қуаты мен интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңызы туралы қағидалар түбірімен өзгерді. ХХІ ғасырдың оқыту жүйесінде меңгерілетін білімнің мектеп қабырғасындағы әрбір пән оқушыны дара тұлға ретінде жетілдіруге, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға алғышарт жасауы қажет деген қағида берік орнықты, білім берудің міндеті өзгерді.

ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі білім мазмұны мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты субъективті деңгейлік көтерудегі демократиялық бастама-лардың барлығы мұғалімдер арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі мұғалімді тек пән мұғалім ретінде қабылдау олқылық көрсетеді. Мұғалім қоғам айнасы. Қазіргі таңда дәстүрлі оқыту әдістемесінің заман талабына сай толық білім беруге, меңгертуге кепілдік бермейтігін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту үрдісінде іске асу үшін оны технологияландыру қажеттілігі туады.

Білім беру үрдісін ақпараттықтандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлердің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «ХХІ ғасыр – ақпараттықтандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылы-ми-технологиялық прогрестің негізгі белгісі – қоғам ақпараттықтандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Біз жаңа ақпараттандыру ғасырында өмір сүріп жатқан жандармыз. Бұл – алдыңғы қатарлы елдер қатарында табиғи байлығы мен шығарған өнімі мол елдер емес, ғылымға негізделген техникасы дамыған, жастары білімді елдер тұратынын білдіреді. Ақпарат – қазіргі таңда ең бағалы тауар болып саналатын бәрімізге белгілі. Сондықтан қай елдің тұрғындары ақпарат алуға кең мүмкіндік алса, алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияны пайдаланып терең білім алса сол ел алдыңғы қатарлы болып саналамақ. Елдің болашағы осы мүмкіндікті қалай пайдаланып, қоғамды ақпараттандырудықалай жүзеге асыруда болмақ. Оның жолдарының бірі білім алуды ақпараттандыру болып саналады. Білім алуды ақпараттандырудың бір әдісі – қашықтықтан оқыту.

Қашықтықтан оқыту – жаңа оқыту формасы. Виртуалдық оқу аудиториясына қатыса отырып білім ала отырып, мультимедиялық құралдарды ұтымды пайдалану, оқытушы мен оқушылар арасын-



дағы сұхбатты ұйымдастыру үшін қолданылатын дәстүрлі және жаңа ақпараттық–коммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген оқытудың интеграциялық нысаны. Мысалы, Қазақстан Республикасы орта білім беру ұйымдарының оқушыларын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымындағы конкурстық іріктеуге дайындау Виртуалды мектептің басты мақсаты болып табылады. Виртуалды мектеп Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарының 5–6 сынып оқушылары үшін құрылған. НЗМ мектебінің оқушысы болуыңыз үшін Сіз мектептің жұмыс тәртібімен, виртуалды мектептің жұмыс кестесімен танысуыңыз керек, сондай–ақ тіркелуіңіз қажет. Виртуалды мектеп оқушыларына математика, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері бойынша дайындалуға септігін тигізеді.

Қазіргі таңда қашықтықта оқытуды жүзеге асыру мақсатында республика көлемінде мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне электронды күнделік енгізілді. Электронды күнделік арқылы ата–аналар балаларының білім үлгірімін, ал оқушылар болса үй жұмысын уақытында біліп отырады. Сонымен қатар әртүрлі республикалық байқауларға қатысамын десеңіз, ғаламторға кіріп, таңдауы–ңызды жасасаңыз болды. Мысалы, оқытылатын пәндерден қашықтық олимпиадалар Қазақ–стандық интернет олимпиадалар («КИО») өткізіліп отырылады. Мұндай интернет олимпиадалар оқушылардың үлкен қызығушылығын танытады. Әртүрлі қызықты тапсырмалардан құрастырылған олимпиаданың ең тиімді жері – оқушылар өздерінің білім деңгейлерінің көрсеткішін бірден білулері болып табылады.

Тағы оқу процесін сапалы ұйымдастырудың келесі бір түрі ол – «E–learning». E–Learning – бұл оқу үрдісін ұйымдастырудағы халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту. E–learning технологиялары арқылы оқу үрдісінде берілген материалды меңгеруге жағдай жасау үшін өте қолайлы және ыңғайлы, сонымен қатар оқу материалын меңгеруде қиындық деңгейін, уақытын және көлемін таңдаудағы және интерактивті, өйткені, мұғаліммен, сыныптастарыңмен синхронды (чат, скайп) және асинхронды (пошта, форум) әрекеттесу арқылы оқуға болады келесі мүмкіндіктер береді. E–learning–тің арнайы сайты арқылы мұғалім тақырып бойынша ресурстар, бейнедерістер, тест жұмыстар, тәжірибелік тапсырмалар, форумдағы дискуссиялар, есептер шығару практикумдары, оқушыларға ыңғайлы уақытта керекті тақырыбымен өзі жасай алады. Оқушы өздік жұмысты өз компьютері–нен, ұялы телефонынан кіріп, орындай алады. Оқушылардың өздік жұмыстарының көлемін көбейтуге де мүмкіндік жасалған. Оқушы өзіндік жұмысты дербес компьютердің, ноутбуктың, ұялы телефонның көмегімен ұйымдастыра алады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарының көлемін көбейту оқу үрдісін ақпараттық технологиялардың арқасында нығайтуға мүмкіндік береді. Оқушы автоматтандырылған жүйеде өзінің жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін жүргізеді. Ал мұғалім күнтізбелік–тақырыптық жоспары бар электрондық дәптерді, сынып журналын, хабарландыру қызметін (алда болатын жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар мен кездесулер туралы оқушылардың ата–аналарына e–mail немесе sms–хабарламалар, есептелік және т.б. жіберу) толтыратын болады. Ата–аналар қауымы тәрбие мәселелері бойынша кеңестер алу, сондай–ақ қашықтықтан баласының сапалы орта білім алуы мен жетістіктері туралы ақпараттық хабарлама алу мүмкіндігіне ие болады. Оқытушылық жүктемені, сабақ кестесін, үлгерім мониторингі мен оқушылардың сабаққа келуін, педагогтің қызметін, есептілікті директордың орынбасары жүзеге асырады. Жүйе әкімшісі жергілікті және ғаламдық есептеу желісін, телефон жүйесін немесе дауыс поштасы жүйесін қоса алғанда, көп қолданыстағы компьютерлік жүйенің жұмыс істеп тұруына жауапты болады.



Әрбір мұғалім өз жұмысында қашықтықтан оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қашықтан оқыту қызықты және тиімді болуы үшін қандай ресурстар мен қызметтерді таңдау керек деген сұрақтарға тап болады. Мультимедиялық интерактивті оқу материалдарын жасауға арналған өте ыңғайлы және қарапайым қолданба Web 2.0 LearningApps.org қосымшасы болып табылады. LearningApps.org конструкторы. интерактивті модульдер арқылы оқу және оқыту процесін қолдауға арналған қосымша болып табылады. Қолданыстағы модульдерді тікелей оқыту мазмұнына қосуға болады, сонымен қатар оларды онлайн режимінде өзгертуге немесе жасауға болады. Мақсат – интерактивті блоктарды жинау және оларды көпшілікке қолжетімді ету. <http://learningapps.org/> сайтында әртүрлі мектеп пәндері бойынша нақты тақырыптар бойынша дайын жаттығулар бар. Ал ең бастысы, мұғалім бұл жаттығуларды өзі өзгерте алады немесе соған ұқсас жаттығуларды орындай алады. Жаттығулар әртүрлі формаларда ұсынылған:

- Ашық жауабы бар викториналар, жауап таңдауы бар викториналар;
- Салыстыруға арналған тапсырмалар, сызғыш пен портрет, сызғыш пен оқиға;
- Тапсырма мәтіндегі бос орындарды толтыру;
- Картадан тапсырмаларды табу;
- Кроссворд;
- Аудио, бейне мазмұны.

Microsoft Teams – орталықтандырылған платформа, ол бірлесіп жұмыс істеу үшін виртуалды аудиторияларды құруға және білім алушылармен және оқу орнының қызметкерлерімен өзара электронды оқыту кезінде іс–қимыл жасауға мүмкіндік береді. Microsoft Teams бейне конференциясында сабақты қашықтан өткізуге болады. Мысалы, бейнесабақты жоспарлап, сонда сынып оған



бір рет басу арқылы қосыла алады. Бейнесабаққа қатысушылар бір-бірін көреді және естиді, сондықтан сабақ әдеттегі форматта өтеді: мұғалім тақырыпты түсіндіреді және оқушыларға «тақтаның алдында» сөйлеуді ұсынады. Microsoft Teams құрамдас бөлігі болып табылатын Microsoft Office365 деректердің бұзылуы қаупін азайтуға көмектесу үшін компанияның жалпы қауіпсіздік саясатын басқаруды қамтамасыз етеді. Қолданбаның соңғы жаңартулары автоматты түрде орнатылады және кірістірілген шифрлау және кіруді басқару пайдаланушы құрылғылары жоғалған жағдайда және маңызды деректерді компаниядан тыс тасымалдауға әрекеттенген кезде құпия деректерге қауіп төндірмеуге көмектеседі. Microsoft Teams көмегімен сіз топтың немесе жұмыс тобының немесе компания бөлімшесінің кез келген мазмұнына бірден қол жеткізе аласыз: хабарламалар, корпоративтік құжаттар кітапханасы, файлдар, қызметкерлер туралы ақпарат (1–сурет). Бір рет басу арқылы қоңырау шалуға, электрондық хат жазуға, онлайн хабарлама жіберуге немесе онлайн аудио–бейне конференциясын жасауға болады. Сізге қажет нәрсенің бәрі қай жерде болсаңыз да, әрқашан қолыңызда. Әріптестеріңізбен лезде қосылып, маңызды ақпаратпен бөлісіңіз. Кез келген уақытта топтық чатта немесе жеке чатта мазмұнды және тарихты қараңыз. Бүкіл команда үшін немесе қатысушылардың аз саны үшін кездесулерді жоспарлаңыз. Сөйлесулерде барлығына маңызды жаңалықтары бар электрондық хаттарды орналастырыңыз. Толық телефон байланысы және кеңейтілген дауыс мүмкіндіктері бар құжаттарды, бейне және аудио конференцияларды ортақ пайдалану арқылы жиналыс өнімділігін арттырыңыз.

1–сурет



BilimLand – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ең заманауи білім беру мазмұнының ең ірі коллекциясы. Бұл курстар әртүрлі жастағы балаларды оқытуға арналады. Мектепке дайындалу, тілдер оқу, жаратылыстану циклі мен математиканы оқуға мүмкіндік беретін бірегей интерактивті кешендер жиынтығы (2–сурет). Бұл сабақты қосымша құралдар көмегімен тиімдірек әрі қызықтырақ етіп, оқушының өздігінен оқуына көмектеседі. Негізгі мақсат – жалпы білім беретін мектеп оқушыларын онлайн режимде бейімдеп оқыту мүмкіндігін беру. Оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген, мектепте оқытылатын пәндер бойынша интерактивті сабақтар мен факультативтер, сондай-ақ оқушылардың бойындағы ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға және мектеп теориясын іс жүзінде қолдануға арналған қосымша ресурстар кеңінен ұсынылған.

2–сурет



Онлайн–мектеп елдің жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары үшін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес 1–11 сыныптарға арналған барлық пәндерден цифрлық білім беру контентін қамтиды. Сабақ мазмұны, жаттығулар мен тапсырмалар кешені Назарбаев Зияткерлік мектептерінің жетекші мұғалімдерімен әзірленген. Платформаның негізгі идеясы – әр сабаққа конспект, сызба, зияткерлік карта түрінде теориялық материалдар әзірлеу, ал сабақтың практикалық бөлігі деңгейлік тапсырмалар түрінде беріледі, бұл тапсырмалар оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға қажетті дағдыларды жүйелі және бірізді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Сайт сабақ мазмұнын ұйымдастырудың деңгейлік жүйесін ұсынады. Сабақтарды әзірлеген кезде тапсырмаларға негізделген оқыту қағидаты негізге алынды. Оқушы белгілі бір деңгейлік тапсырманы орындай отырып, белсенді танымдық үдеріске елігіп кетеді. Әрбір тапсырмаға қысқаша теориялық материал түріндегі «Білу маңызды» және «Түсіндірме» айдарлары беріледі, олар оқушыға сабақ тақырыбына қатысты білімдерін бекітуге және тапсырмаларды саналы түрде орындауға көмектеседі. Оқушылардың материалды игеру деңгейі мен оқу қарқыны әртүрлі болатыны ескеріліп, оқушыға платформадағы материалдарды жеке оқуға мүмкіндік беріледі. Бұл өз кезегінде өткен материалды сапалы түрде бекітуге, сондай–ақ жеке оқу кестесін құруға мүмкіндік береді.

Сондай–ақ, қашықтықтан оқыту – ол оқу процесі кезінде осы замандық компьютерлерге және телекоммуникациялық технологияларға негізделіп дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерді қолданып, сырттай және күндізгі білім түрлер қатарлы білікті білім алудың ең негізгі түрі. Әлем бойынша қашықтықтан оқыту жүйесін халықтың келесі категориялары қажет етеді: орта мектептер оқушылары, студенттер, түрлі деңгей басқарушылары, аймақтық басқару органдарының жетекшілері, жұмыспен қамту қызметінде тіркелген тұлғалар, екінші білім алуға немесе біліктілігін өзгертуге ниет білдірген тұлғалар, қандай да бір білім саласындағы біліктілігін арттырғысы келетін тұлғалар, қозғалыс еркіндігі шектеулі адамдар, мүгедектер және т.б. Қашықтықтан оқытуды дамыту үшін оқытушылардың біліктілігін көтеру, ақпараттық кеңістікті құру, оқу үрдісіне қашықтықтан оқыту технологияларын интеграциялау, қашықтықтан оқыту курстарын жасау, стандарттарды жасау мәселелері шешілуі тиіс. Қазіргі әлемде қашықтықтан оқытуды таңдайтын адамдар саны көбеюде. Қашықтықтан оқыту техноло–гиясына өту қоғамның ақпараттық дамуына байланысты креативті тенденция болып табылады. Қашықтықтан оқу арқылы білімгерлер уақыттарын шектей алады. Қашықтықтан оқыту – бұл, ең алдымен, қандай да бір оқу орнына белгіленген уақытта бармай–ақ, курстың бағдарламасын қажетті тәртіпте орындау. ҚО қазіргі заман әлемінде Интернет, e–mail (электрондық почта), телефон

және факс байланысы, бейнеконференция және қарапайым почта арқылы дәстүрлі оқу материалдарына алмастыру көмегімен дамиды. Бұл технология білімгерлермен оқытушылардың арасындағы байланысты, мың километр қашықтықта бөлетін және күнделікті қарым-қатынас жасауды қамтамасыз етеді.

Қорыта айтқанда, интернет арқылы қашықтықтан оқыту тек ыңғайлы ғана емес, сонымен қатар болашақта дәстүрлі және өзекті мәселе болмақ. Ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану қазіргі заман талабы. Оны ұйымдастыруда ең бастысы электрондық материалдар, қашықтан оқытудың дидактикалық жасалымы, педагог-үйлестірушілерді дайындау болып табылады. Бұл біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі дамыған, халықаралық дәрежедегі бәсекеге төзімді қоғам құруға зор көмегін тигізеді.

Қашықтықтан оқыту технологиясының артықшылықтары:

- Заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды қолдану;
- Интерактивті әрекеттесу формалары;
- Сапалы білім алу;
- Уақытты үнемдеу;
- Ыңғайлы уақытта оқу;
- Территориялық шектеулер жоқ;
- Денсаулық күйі бойынша шектеулер жоқ.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару: әдіст. құрал/құраст. Ж.А.Жартынова, В.Н.Ким, Т.Б.Корнилова және т.б. Алматы, 2014. 128 б.
2. Как создавать задания в сервисе LearningApps [URL: <http://teachbase.ru/blog/servis-learningapps/>]
3. Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастырудың ережесі. – 24 желт. [ЭР]. Қосылурегімі: <http://www.edu.gov.kz/index.php?id=498&type=98>
4. Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. Өскемен, 2005
5. <https://www.robotx.ru/oblachnye-tehnologii/komandnaya-rabota/obzor-microsoft-teams/>
6. <https://onlinemektep.org/login>

УДК 378.1

### **ИНФОРМАЦИОННО – КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК СРЕДСТВО АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ**

*Исмаилова Татьяна Викторовна*

*E-mail: bauert@mail.ru*

*Краплина Елена Юрьевна*

*E-mail: leka240179@mail.ru*

*учителя начальных классов*

*КГУ ОШ №22, г. Костанай, Казахстан*

#### **Аннотация**

*В данной статье рассматривается значение применения ИКТ (информационно-коммуникационные технологии), раскрываются возможности повышения качества обучения, развития личности ученика. Автор исследует роль новых технологий в развитии познавательных способностей учащихся. Отмечены преимущества применения ИКТ-технологий в обучении. Цель: ознакомление с основными средствами и возможностями информационно-коммуникативных технологий, их ролью в обучении, способствовать осознанию необходимости широкого применения информационно-коммуникативных технологий в образовательном процессе.*

**Ключевые слова:** *информационно-коммуникационные технологии (ИКТ), компьютеризация, ИКТ-компетенции, познавательная компетенция, образовательный процесс.*

#### **Аңдатпа**

*Бұл мақалада АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) қолданудың маңыздылығы қарастырылады, оқыту сапасын арттыру, оқушының жеке басын дамыту мүмкіндіктері ашылады. Автор оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытудағы жаңа технологиялардың рөлін зерттейді. Оқытуда АКТ технологияларын қолданудың артықшылықтары атап өтілді. Мақсаты: ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың негізгі құралдарымен және мүмкіндіктерімен танысу, олардың оқытудағы рөлі, білім беру процесінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды кеңінен қолдану қажеттілігін түсінуге ықпал ету.*

**Түйінді сөздер:** *ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), компьютерлендіру, АКТ-құзыреттер, танымдық құзыреттілік, білім беру процесі.*